


Ақын кетті ғасырға ғасыр жалғап



Өткен аптада Батыс Қазақстан облысының Сырым ауданының орталығында облыстық айтыс өтті. Айбоз ақын Қ. Аманжоловтың 100 жылдығына арнап «Сырым жастары» қоғамдық бірлестігі мен «Жас Отан» ЖҚ аудандық бөлімшесі ұйымдастырған аламанда облыстың әр өңірінен келген он бір ақын жырға сусаған елдің мейірін қандырды.

Айтыс ақжайықтық Айнабек Бисенғалиев пен жаңақалалық Шерхан Талаптың сөз қағысымен ашылды. Сырымдық Қуаныш Қапанов пен бөкейордалық Жансая Мусина аға мен қарындас арасындағы мәдениетті айтыс жасады. Айтыс табиғатына тән сыншылдықты оралдық Талғат Мықи мен сырымдық Бекболат Хайруллин ұтымды пайдаланды.

Финалда Айнабекпен айтысқан

Жансаяның бағы да бабы да басым түсті. Сөйтіп, қазылар алқасы Жансая Мусинаны бірінші, Айнабек Бисенғалиевті екінші, Талғат Мықи мен Қуаныш Қапановты үшінші орынға лайық деп тапты. Өзге жеті ақын ынталандыру жүлделерімен марапатталды.

Серік ЗИЯТОВ.

Батыс Қазақстан облысы,
Сырым ауданы.